

Солонички-Қарағайлы темір жол учаскесін сенімгерлік басқаруға беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 шілде N 949

Жұмыс орындарын құру және мардымсыз жұмыс істеп тұрған темір жол учаскелерін оңалту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - "Қазақстан темір жолы" РМК) мүлкінің құрамындағы мардымсыз жұмыс істейтін Солонички-Қарағайлы темір жол учаскесін, Солонички станциясын қоспағанда, осы учаскедегі коммуникациялармен, жайлармен және тиісті қызмет көрсету техникасы бар жылжымалы құраммен (бұдан әрі - Мұлік) бірге заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақмыс корпорациясы" ашық акционерлік қоғамына сенімгерлік басқаруға беруді қамтамасыз ету туралы ұсынысы мынадай шарттарда қабылдансын:

1) Мұлікті сатып алу, оны кепілге беру және сенімгер басқарушының іс жүзінде Мұліктен айырылуға, сондай-ақ оның жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтыратын кез келген шаралар мен шешімдер қабылдау құқығынсыз;

2) сенімгер басқаруышы :

қолда бар жүк және жолаушылар қатынастарын сақтау және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес учаскеде техникалық пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігі ережелерінің орындалуын қамтамасыз ету;

учаскеде жұмыс істейтін темір жол көлігі қызметкерлерінің штатын

басқаруға беру сәтіндегі санынан төмен болмауын сақтау;

жүк және жолаушылар тасымалдау операторларының учаскеге тең қол жетімділігін қамтамасыз ету;

беру сәтінде учаскеде бар әлеуметтік инфрақұрылымды сақтау бойынша міндеттемелер қабылдау.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Мұлікті сенімгерлік басқаруға беру мерзімін анықтасын және осы қаулыдан туындейтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК